


2023 жылдың шілде айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі

Шілдеде іскерлік белсенділік аздап баяулағанымен, көрсеткіш **50,7** болып, оң аймақта қалды.

Қызмет көрсету мен өндіріс секторларында көрсеткіштің жақсарғаны байқалды. Мұнда индекстер өсу аймағында қалып, тиісінше **51,5** және **50,1** құрады. Қызмет көрсету секторында тауар жеткізу мерзімінен басқа барлық компоненттің жақсарғаны, өндірісте жұмыспен қамту деңгейі мен жаңа тапсырыстар көлемінің ұлғайғаны байқалды. Тау-кен өнеркәсібінде тауарлық-материалдық қорлар мен жаңа өнім көлемінің төмендеуіне байланысты индекс қайтадан теріс аймаққа өтті (**48,8**). Құрылыста бұл көрсеткіш **49,2-ге** дейін жақсарды (маусымдағы 47,8-ден), бірақ тауар жеткізу мерзімі мен жаңа тапсырыстар көлемінің азаюы құрылыс кәсіпорындарының белсенділігін тежеп отыр.



Кәсіпорындардың қазіргі және болашақ бизнес жүргізу жағдайларды бағалауы төмендеді. Осылайша **қазіргі және болашақ** бизнес жағдайларын орташа бағалауын білдіретін **бизнес-ахуал индексі** 11,3 құрады (2023 жылғы **маусымда** – 15,7). Ал бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды. Өйткені бизнес жүргізудің қазіргі және болашақ жағдайларының бағасы оң қалпында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>